



МҰҚРАТЖ- ҚАЗАЛЫ

№51
(2222)
Сенбі
15 маусым
2024 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ



Құрметті жерлестер!

Сіздерді қасиетті Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – барша мұсылман ізгі амал жасауға асығатын, ізгілікке ұмтылатын ұлық мереке. Айт күні тек қана құрбандық шалумен шектелмей, ағайын-туысқа, мұқтаж жандарға, көршілер мен жетімдерге қол ұшын созу дәстүрі қалыптасқан. Қайырымдылық пен қамқорлық қоғамның тұтастығына, ұлттар мен діндердің өзара ынтымақтастығына жол ашады.

Құрбан айт – сауапты істер жасайтын, құлшылық ететін қасиетті күндер ғана емес, ол адамдар арасында бауырмалдық орнатып, өзара достыққа, ынтымақтастыққа, сүйіспеншілікке шақыратын мереке.

Бірлігімізді бекемдеп, тұтастығымызды нығайтатын мерекеде шалған құрбандықтарыңыз, қасиетті күндерде жасаған ізгі амалдарыңыз бен игі ниеттеріңіз қабыл болсын!

Құрбан айт күні әрбір отбасында амандық, елімізде бірлік пен ынтымақ болсын деп тілеймін!

Құрбан айт құтты болсын!

Ізгі ниетпен, Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбет

АУДАН ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті медицина саласының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Халықпен біте қайнасқан қастерлі еңбек иесі – медицина қызметкері болу мәртебелі әрі жауапты мамандық. Елімізде маусым айының үшінші жексенбісі медицина қызметкерлерінің күні ретінде кеңінен атап өтіледі. Бұл мереке дертке шипа, денге саулық сыйлайтын осы бір ардақты мамандық иелерінің еңбектері еленетін күн.

«Бірінші байлық – денсаулық», деп дана халқымыздың сөзі бекер айтылмаған. Ауырсақ тәнімізді емдеп, жанымызға дем беретін дәрігерлер қауымы қашанда құрмет тұтуға лайықты жандар.

Қымбатты сала мамандары!

«Тәні саудың – жаны сау» деген халқымызда дана сөз бар. Келешек ұрпақтың жарқын болашағының кепілі болып табылатын денсаулық мәселесін жетілдіру – біздің негізгі парызымыз болып табылады.

Әрдайым адамзат баласы тағдырын сеніп тапсыратын мамандықтарыңызды абыроймен атқарып, халық сеніміне ие болып жүре беріңіздер.

Ел мүддесі жолындағы қиындығы мен қуанышы мол еңбектеріңізге табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін.

Тәуелсіз еліміздің іргесі берік, мерейі үстем болсын!

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Ізгі ниетпен, Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбет



БІЛІМ БЕРУ МЕН ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ МӘЖІЛІС ӨТТІ

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен аудандағы білім саласы мен жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттерді талқылауға қатысты аппарат мәжілісі өтті.

Мәжілісте аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов мұғалімдердің әдеп нормаларын сақтауы және балалардың жазғы мезгілдегі демалысын тиімді ұйымдастыру туралы хабарлама жасап, аудандық полиция бөлімінің бастығы Асылбай Аңсатов пен аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы Алтынбек Қалиев жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтар мен жазғы суға түсу маусымы кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы баяндады.

Сондай-ақ, күн тәртібіндегі екінші мәселе – жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласында атқарылып жатқан жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Совет Бабанаев баяндама жасады.

Баяндамашылардан кейін аудан әкімі балаға беріліп жатқан білім мен ұрпақ тәрбиесі ең өзекті мәселе екенін айтып, бұл саладағы кемшіліктерді жою қажеттігін жеткізді.

Еліміздегі, біздің өңіріміздегі білім ошақтарында оқушылар мен ұстаздардың қатысуымен орын алып жатқан келеңсіз оқиғаларды, зорлық-зомбылық, оқушылардың бір-біріне әлімжеттік көрсетуі сынды мәселелерді ортаға салып, оның алдын алуға қоғам болып күресуге шақырды.

Сонымен қатар, жауапты сала басшыларына жазғы демалыс маусымы кезінде мұғалімдердің әдеп нормаларын сақтауы, балалардың жазғы мезгілдегі демалысын тиімді ұйымдастыру, ата-аналарымен үнемі байланыста болып балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, түнгі рейд жұмыстарын күшейтуге қатысты бірқатар тапсырмалар жүктеді.

Сондай-ақ, қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне аудандық төтенше жағдайлар бөлімімен бірлесе елді мекендердегі су айдындарына кезекшілік кестесін бекітіп, рейд жұмыстарын тұрақты жүргізу жөнінде тапсырмалар берді.

Мәжілісте күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша аудан прокуроры Дарын Әбіш сөз сөйлеп, биылғы жылы қабылданған тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күресуге бағытталған жаңа заңда әйелдер мен балаларға қатысты қылмыстар үшін заңның күшейтілгені туралы айтты.

Аппарат мәжілісінің күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша да аудан басшысы бірқатар өзекті мәселелерді ортаға салды. Халықтың әлеуметтік көмекпен қамтылуы, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау – мемлекеттік саясаттың басты бағыттарының бірі екендігін айтып, ауданда бұл бағыттағы жұмыстарды жандандыру керектігін жеткізді.

Ауылдық округ әкімдері мен жауапты сала басшылары бірлесе отырып, мемлекет тарапынан беріліп жатырған мүмкіндіктерді пайдаланып, жұмыссыздықтың алдын алу бағытында бірлесе жұмыс істеуді тапсырды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

● Көктемгі көркейту, көгалдандыру, санитарлық тазалық айлығы қалай жүргізілуде?

ТАЗАЛЫҚ САҚТАУҒА ӘРБІР АДАМ ҮЛЕС ҚОСУЫ ТИІС

Ауыл-аймақтардағы тазалық жұмыстары бірқалыпты жүргізіліп келеді. «Алға» ауылдық округінің орталығы – Ү.Түктібаев ауылында көктемгі тазалық жұмыстарының нәтижесінде ауыл-аймақтың көркі кіріп, ауыл тіршілігі жандана бастады.

Ү.Түктібаев ауылында санитарлық тазалық жұмыстары кезінде арықтар мен ауыл іші түгелдей қоқыс қалдықтарынан тазартылып, тал көшеттері мен жарықшам бағаналары әктеліп, сырланды. Сонымен қатар, ауылдық жерлер төрт-түлік мал бағуға ыңғайлы болғандықтан тұрғындардың қора-жайларына улы жөндіктерден сақтану мақсатында залалсыздандыру жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, экологиялық акция аясында өткізілген апталықтарда «Үрмәш» бағына ауыл тұрғындары 500 түп ағаш көшеттерін отырғызды. Ауылдың кіреберісінде орналасқан баққа жеміс ағаштары отырғызылып, жыл сайын күтіп-баптау жұмыстары жүргізіліп келеді.

Сонымен қатар, **Басықара** ауылдық округінде де тазалық жұмыстары үзіліссіз жалғасуда. Санитарлық тазалық жұмыстарына ауыл тұрғындары мен мекеме қызметкерлері біркісідей атсалысуда. Әр сенбі сайын өткізілетін тазалық апталықтары жалғасын табуда. Соның бірі «Өнегелі ұрпақ» апталығы. Бұл апталықта ауыл жастары қарт кісілерге көмек қолын созып, үйлерінің аулаларын қоқыс қалдықтары мен арамшөптен тазартты. Ал, «Жасыл аймақ» апталығында ауылдық көркейту, көгалдандыру мақсатында 600-ге тарта тал көшеттері отырғызылып, мекемелердің аулаларына гүлдер егілді. Ауыл тұрғындарының арасында өз аулаларын көгертіп, бау-бақша егіп, табиғи өнім алып, еңбегінің жемісін көріп отырған жандар аз емес.

Сондай-ақ, ауыл әкімшілігінің қолдауымен тазалық жұмыстарына белсене атсалысқан тұрғындарға «Таза аула», «Үлгілі үй» номинациялары тапсырылды.

Шалғай мекен **«Тасарық»** ауылындағы тазалық жұмыстарына белсене

атсалысқан ауыл адамдары көшет отырғызып, көшедегі жарықшам бағаналарын әктеп, сырлауда. Қазіргі уақытта санитарлық тазалық жұмыстары әлі де жалғасын табуда. Ауыл іші мен ауыл маңындағы су айдындарының жағасы қоқыс қалдықтарынан тазартылып, қоқыстар тиісті орындарға апарылды.

Тазалық жұмыстары барысында «Тасарық» ауылының учаскелік полиция инспекторы Еркін Жақсылық тұрғындарды тазалық сақтауға шақырды. Сондай-ақ, мектеп оқушылары мен ұстаздары да сенбілікке қатысып, өз үлестерін қосты. -Сенбілікте өскелең ұрпаққа тазалықты сабақ еткен барша ауылдастар қаймағы бұзылмас ынтымақпен бірліктің үлгісін көрсетті,- дейді ауыл ұстаздары.

Айта кетейік, ауыл маңына кіреберіс жолдың жиектеріне бұрын тұрғындар қаппен немесе пакеттермен қоқыс тастап кететін. Қазір тазалық жұмыстары жүргізілгелі тұрғындар да қоқысты арнайы ауыл маңындағы полигондарға тастауға дағдыланып келеді.

Қазіргі уақытқа дейін ұйымдастырылып жатқан

сенбіліктердің өзіндік мәні зор. Жалпы сенбілік жұмыстары кезінде адамдар бір-біріне деген сыйластықпен кішіпейілділікпен берілген жұмысты жауапкершілікпен атқарып жатқанын байқауға болады. Тазалық акциясы ауылдың тыныс-тіршілігін жандандырып, санитарлық тазалығын жақсартуға септігін тигізуде. Еңбекке тәрбиелейтін сенбіліктер алдағы уақытта да жалғасын таба бермек. Қаланың, ауыл-аймақтардың қарыштап дамуы, көркеюі өзімізге байланысты. Ең алдымен тазалық өзіміз үшін, ең бастысы – денсаулығымыз үшін керек.

Қолымыздағы қоқысты кез-келген жерге лақтыра салуға болмайды. Қоқыс қалдығы ауаны ластайды. Әсіресе қалдықтарды кез-келген жерге тастау жаз айларында көптеп белең алады. Себебі, күннің ыстығында су ішкен құтыларын көрінген жерлерге лақтыра салуға адамдар бейімделіп кеткен.

Қазіргі әлем бойынша үлкен дүрбелең туғызған бұл мәселеге әрбір адам бей-жай қарамауы керек.

Ұлпан ЖӘДІГЕРҚЫЗЫ,
«Тұран-Қазалы»

«МҮГЕДЕКТІГІ БАР БАЛАЛАРДЫ ҮЙДЕ ОҚЫТУҒА ЖҰМСАЛҒАН ШЫҒЫНДАРДЫ ӨТЕУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІН КӨРСЕТУ ҚАҒИДАСЫНА ТҮСІНДІРМЕ

«Әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы» ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2021 жылғы 25 наурыздағы №84 бұйрығының 3-қосымшасымен бекітілген «Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу» мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларының 6-тармағының және «Қазалы ауданында мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібі мен мөлшерін айқындау туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2022 жылғы 30 наурыздағы №207 шешімінің 6-тармағының талаптарына сәйкес, оқытуға жұмсалған шығындарды өндіріп алу үшін өтініш беруші «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы жүгіну арқылы жүзеге асырылады.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) «электрондық үкімет»

веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Мүгедектігі бар балалар қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу (бұдан әрі - оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу) мүгедектігі бар баланың үйде оқу фактісін растайтын оқу орнының анықтамасы негізінде Қазалы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесімен жүзеге асырылады.

Үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу (толық мемлекеттік қамсыздандыруындағы мүгедек балалардан және оларға қатысты ата-аналары ата-ана құқығынан айырылған мүгедек балалардан басқа) отбасының табысына қарамастан мүгедек балалардың ата-анасының біреуіне немесе өзге де заңды өкілдеріне беріледі.

Үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу үшін өтініш берушіге қажетті құжаттардың тізбесі;

Өтініш берген кезде сәйкестендіру үшін өзімен бірге жеке басын куәландыратын құжаты болуы тиіс.

Жеке басын куәландыратын құжаттың, баланың

(балалардың) туу туралы куәлігі (куәліктері) немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу органдарымен берілген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама, неке қию (ерлі-зайыптылық), некені бұзу туралы куәлік; балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжат немесе туу туралы актілік жазбадан бала асырап алу туралы мәліметтер, тұрақты тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың, оқу орнынан мүгедек баланың үйде оқитындығын растайтын мәлімет, банктік шоттың нөмірі туралы, өтініште көрсетілген мүгедектігі туралы анықтама мәліметтерін тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу өтініш берілген айдан бастап мүгедектігі бар баланы үйде оқыту фактісін растайтын оқу орнынан анықтамада көрсетілген мерзім аяқталған айға дейін жүргізіледі.

Оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу-ды тоқтатуға әкеп соққан жағдайлар бар болғанда (мүгедектігі бар баланың он сегіз жасқа толуы, мүгедектік

мерзімінің аяқталуы, мүгедектігі бар баланың мемлекеттік мекемелерде оқып жатқан кезеңі, мүгедектігі бар баланың қайтыс болуы) төлемдер тиісті жағдайлар туындағаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Өтініш беруші мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу бойынша төлемді тағайындау үшін портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес өтініш нысанында көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуды өтініш берушінің өзі жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация арқылы құжат тапсырған кезде, мемлекеттік корпорацияның маманы тиісті құжаттарды қабылдағандығы туралы қолхат береді;

Құжаттарды портал арқылы ұсынған кезде – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранысты қабылдау туралы мәртебе көрінеді.

Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БІЗ БІЛМЕЙТІН БАЙБОЛСЫНОВ КІМ БОЛДЫ ЕКЕН?

Зейнеткерлікке шығып, еңбектен қол босаған соң, жаңалықтарды тыңдайтын болдық. Соның ішінде өзіміз өмір сүріп, араласып отырған ортаның ақпараттарын көбірек білгіміз келеді. «Бәрін білгім келеді» дегенмен, күйбең тірлік пен мүмкіндік бола бермейтіні де рас.

Осыдан бес-он жыл бұрын қолыма түскен «Қазалы қаласының көшелері» атты кітапшаны оқып, керекті деректермен танысқан болатынмын. 2014 жылы баспадан шыққан кітапшада Қазалы қаласындағы 49 көшеге ел қорғаны болған батырлардың, белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлерінің, ғалымдардың, ақын-жазушылардың, еңбек ардагерлерінің есімдері берілгені айтылған. Және де сол көшелерге есімдері берілген азаматтардың өмір жолдары, қызметі, фотосуреттері мен өмір-деректері таныстырылған.

Кеңестік кезеңде білімалған біз білмейтін, ауызекі әңгіме арасында ғана есімдерін естіп жүрген көптеген тұлғаларымызды осы кітапша арқылы біліп алдық. Қазалы көшелерінің бұрынғы атаулары – Водников, Степная, Строительная, Советская, тағы басқа болып кете беретін. Елге белгілі есімдермен қатар бұрынғы тарихи атауын сақтап қалған – Қазалы, Сырдария көшелерінің болуы да көңіл

қуантады.

Мені ойландырғаны кітапшада бір көше атауының еш дерексіз, фотосыз бос тұруы еді. Онда, «Байболсынов Байхонның есімі бұрынғы Степная көшесіне берілген. Өкінішке орай, бұл кісі туралы мұрағаттан да, көнекөз қариялар арасынан да білетіндер табылмады». Көшенің байырғы тұрғындарының айтуынша шамамен 1975 жылдан бері көше Байболсыновтың атымен аталады екен. Дерек осы. Анық мәлімет жоқ.

Ілгеріректе баспасөз беттерінде белгісіз Совет Одағының батыры Б.Бейсекбаев туралы «Осы жұрт Бақтыоразды біле ма екен?» атты материал жарияланып, көнекөз қариялар арқылы ағайын-туыстары табылып, туған жерінің танымал тұлғасына айналған-ды.

Осы күндері Совет Одағының Батыры Біліс Нұрпейісовтың Қазалы тумасы болғаны айтылады, бірақ біздегі бес батырдың қатарына қосыла алмай жүргені ойланарлық жағдай. Онсызда батырымыз Махаш Балмағамбетовты кейінгі кезде әр өңір (Қарақалпақ, Арал) өзіне тарта бастағанын білеміз.

Маған ой салған, өткен жылғы күзде аталып өткен Қазалы ауданының 95 жылдығына арналған (К е ш е . Б ү г і н . Б о л а ш а қ) тақырыбындағы ғылыми-

танымдық конференциядағы халықаралық ақпараттар академиясының академигі Ермек Зәңгіровтың баяндамасы болатын. Зерттегені көрініп тұр. Тақырыбы: «Біз білмейтін Қазалылықтар». Соның ішінде Сыр өңірінен шыққан осы уақытқа дейін белгісіз болып келген тұлғалар, оның ішінде Қазалы өңірінде дүниеге келіп, әлемнің әр торабында қызмет еткен жерлестеріміз туралы баяндалады.

Ол туралы аймақтық «Тұран-Қазалы» №98 (2163) (22 қараша 2023 жыл) газетінде жарияланды.

Е.Зәңгіровтың мақаласында «...Ұзақ уақытқа дейін құпия болып келген бір азаматты айтпасам тағы болмас. Стратегиялық уран кенін ашқан, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты атағын алған азаматтың аты-жөнін айтуға дәтім бармай тұр. Бұл ағайындарының өтініші» делінген.

Міне, осы бір құпия есімнен кейін көптен бері ойда жүрген белгісіз тұлға сол «Байболсынов болмады ма екен?» деген дұдамал ой келді. Мейлі ғой, кім болса да ел үшін, мемлекет үшін қызмет еткені анық. Өйткені, «КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты» тұлғаға тегін берілмейтіні белгілі. Кім болса да белгісіз есім болашақта анықталып, ел есінде сақталса екен дейміз.

Өткен замандағы тарихи

тұлғаларды айтпағанда, күні кешеге дейін белгісіз болып келген Семей полигонын жабу жөнінде алғаш ұсыныс жасаған Семей обкомының хатшысы Кешірім Бозтаев, МАГЕ-ТЭ құрамындағы топ мүшесі, Нобель сыйлығын алған қазақ Достай Рахманқұлов, Ресейдің Кемерово облысын басқарған қазақ Аман Төлеев, алғаш космос кораблін құрастыруға қатысқан аралдық ағамыз Оңғарбай Қазыбаев таныс болып, ел есінде сақтау шаралары жүріп жатыр.

Мүмкін біз іздеген Байхон Байболсынов туралы деректер табылып та қалар.

Қазалы қаласымен қатар Әйтеке би кентінде тәуелсіздік алғалы қанша көше атауы өзгеріп, тұлғалар есімі берілді. Солай бола тұрса да тарихи есімдер (хан, би, батыр, ақын-жазушылар, тағы басқа) таныс болғанымен, кейінгі кеңестік кезеңдерде қызмет еткен ел ардақтыларын бірі білсе, бірі білмейтіні анық. Сондықтан, көше атауына есімі берілген тұлғалардың деректері алынып, жинақ кітапша шығарылып, орталық, мектеп кітапханаларынан орын алып тұрса құба-құп болар еді. Және де жас өскін өзі туған жердің танымал тұлғаларын, өзі тұратын көшеге есімі берілген азамат жөнінде хабардар болып жүрер еді.

Қазыбай САНИЯЗОВ,
Қазалы қаласы

● Маманның кеңесі

АСКАРИДОЗ

Аскаридоз – антропонозды ішек гельминтозы. Әлемде осы инвазиямен 1,3 млрд. адам ауырады.

Аскариданың тіршілік циклы – сыртқы ортада ылғалды топырақ арқылы таралады. 21 күн немесе бірнеше айда ұрықтанған қуыршақтар пайда болады, топырақтан адам қолына өтіп (жеміс-жидек, көкөніс) ауыз арқылы асқазанға түседі, венозды жүйеге, осы арқылы оң жүрекшеге өтеді. Өкпеге өтіп, капиллярды бұзады, альвеола қуысына түседі, бронх арқылы қайтадан жұтқыншаққа өтеді, сілекеймен жұтылады, асқазанға түседі. 2,5 – 3 айдан кейін үлкен аскаридаларға айналады,

А с к а р и д о з д ы ң пайда болуының эпидемиологиялық алғы шарттары:

Жуылмаған тағамдарды қолдану, санитарлық мәдениеттің төмендігі және қолайсыз жағдайдағы тұрмыс, тұрғын үйлердің санитарлы – гигиеналық жағдайының төмендігі, фе-

кальды тыңайтқыш ретінде қолдану және тұрып қалған сулармен бақшаларды суару, инфекция көзі және резервуары – аскаридамен инвазирленген адам.

Берілу факторлары: Аскаридамен зақымдалған топырақ, жеміс – жидектер, су, тағы басқа аскарида жұмыртқасымен контактыдағы заттар, гельминит жұмыртқасымен тағамдық өнімдерді зақымдайтын – механикалық тасымалдаушы – шыбындар, қауіп – қатер факторлары және топтары, бағбандар, көкөністерді шығаратын мекемелер жұмысшылары.

Аскарида жұмыртқасының қоршаған ортаға төзімділігінің жоғары болуы – ол топырақта 10 жыл бойы, ағынды су қоймаларында 1 жылға дейін сақталады.

Клиникалық белгілері: Ересектерге қарағанда балаларда анығырақ көрінеді. Аскаридоз дамуы үшін қоректік заттарды пайдаланады. Ол адамағзасына келіп түскен қоректік заттардың ішекте қорытылуына, бала

ағзасындағы заттек алмасуына (метоболизм) кедергі жасап, зиян келтіреді, осылайша баланың денсаулық жағдайына әсер етеді. Көңіл күйі көтеріңкі әрі белсенді бала бірден енжар тартып, қыңырлық көрсетіп, жаңғалақ күйге түседі. Тез шаршайтын болады, төбеті төмендеп, не керісінше артып кетеді. Бас ауруы пайда болады. Сондай-ақ, балалардың ақыл-ой және физикалық тұрғыда дамуы да тежеледі. Ол ішекте тұрақтайтындықтан ішектің дұрыс жұмыс істеу тәртібі бұзылады, ішектің дәрумендерді сіңіруге шамасы келмей қалады. Іш ауырып, іш өтіп, іш қатып, жүрек айнып, құсып, дене қызуы көтеріліп, аллергия-дерге сезімталдық артып, дисбактериоз пайда болады. Сонымен қатар ағзаның қорғаушы күшіне теріс әсер етеді, сондықтан иммунитет төмендеп, жіті респираторлы және жұқпалы аурулар жиілеп, созылыққырап, аурудың ағымы ауырлайды. Аурудың алдын алу

• дәретханаға барып келгеннен кейін, жануарлармен немесе жер, топырақ-құмдармен байланыстан кейін қолды сабындап жуу керек;

• ойыншықтарды сабынды сумен жуу және еденді 10-14 күн аралығында бір рет жуу құралдарымен өңдеп отыру керек;

• балаларға тек қана жуылған жеміс-жидек беру маңызды (негізінен жуылған жеміс-жидектің үстінен қайнаған ыстық су құйған дұрыс); бүлдірген, құлпынай, таңқурайлардың үстінен алдын ала таза су құйып қойып, кейін төгіп тастау керек те ағынды суға шаю керек. Ешқашан қайнатылмаған, кептірілген тәттілерді бермеңіз. Кептірілген банан, құрма, өріктерді де жуылмаған күйінде беруге болмайды.

Муаззам РАХМЕТОВА,
Қазалы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА – ЖОЛ ЖОҚ!

Жемқорлық мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дерттің

одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының борышы және адамгершілік міндеті деп білуіміз керек.

Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен

бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жат қылықтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құбылыстың үдеп бара жатқаны бәрімізді

алаңдатады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар туралы» Заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылып келеді. Халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан кез-келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз керек. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне абыройсыздық ұялатады, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. Қазіргі таңда қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін осынау келеңсіз

әлеуметтік құбылысқа қарсы шаралар қатаң қолға алынып жатыр. Жемқорлықпен күрес арнайы дайындалған мемлекеттік бағдарлама негізінде жүзеге асырылуда. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекет ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып келе жатқан бұл кеселге тосқауыл болу-біздің басты міндетіміз.

**Мереке
ЖҰМАБАЕВА,
«Келарық»
ауылдық округі
әкімінің
аппараты
коммуналдық
мемлекеттік
мекемесінің
бас маманы**

Қазалы ауданы бойынша
Мемлекеттік кірістер басқармасының
2024 жылғы 16 сәуірдегі
№26-ө бұйрығына қосымша

2024 жылдың I - жартыжылдығында Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшылығының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесі

Тегі, аты, әкесінің аты	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау жүргізу орны	Байланыс телефоны
ИБРАИМОВ Мейрамбек Мұхтарұлы	Қазалы ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының басшысы	Әр аптаның бейсенбі күні сағат 14:30-дан 18:30-ға дейін	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №3 Каб №1	+7 (72438) 21-3-28

* Қабылдауға жазылу +7 (72438) 21-3-28, +7 (72438) 22-4-82 телефондары және ugd.kazalinsk@kgd.gov.kz электронды поштасына жүгіну арқылы жүргізіледі.

Приложение к приказу
Управления государственных
доходов по Казалинскому
району от 16 апреля 2024 года 26-ө

График приема физических лиц и представителей юридических лиц руководством Управления государственных доходов по Казалинскому району на I - полугодие 2024 года

Ф.И.О.	Должность	Дата и время приема граждан	Место приема государственного органа	Контактный телефон
ИБРАИМОВ Мейрамбек Мұхтарұлы	Руководитель Управления государственных доходов по Казалинскому району	Еженедельно по четвергам с 15:30 по 18:30 часов	Казалинский район, кент Айтеке би, ул. К.Примова, №3, Каб №1	+7 (72438) 21-3-28

*Запись на прием осуществляется по телефонам: +7 (72438) 21-3-28, +7 (72438) 22-4-82 и через электронную почту: ugd.kazalinsk@kgd.gov.kz

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11113 дана.